

6) балаларды сауықтыру ұйымдарының өрт қауіпсіздігін, балалардың сауығу демалысы, бос уақыты мен жұмыспен қамтылуы кезінде судайы балалардың өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдансын;

7) балаларды патриоттық, белсенді азаматтық тұрғыда тәрбиелеу және қызығушылықтары бойынша біріктіру мақсатында «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысын жандандырсын;

8) жаз мезгілі кезінде балалармен және жасөспірімдермен жүргізілетін жұмысқа спорт секцияларының, үйірмелердің қатысуын қамтамасыз етсін;

9) мектеп жанындағы жазғы сауықтыру лагерьлерінің санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуын, санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларды қадағалауды тиісті деңгейде қамтамасыз етсін (жеке гигиенаны сақтау, желдету, ауыз су, дезинфекциялау режимдерін сақталуы);

10) балалар мен жеткіншектердің жазғы демалысы, сауықтырылуы және жұмыспен қамтылуы бойынша өткізілетін шараларды бұқаралық ақпарат құралдарында, білім ұйымдарының сайттарында тұрақты түрде жариялауды қамтамасыз етсін;

11) балалар мен жасөспірімдерге медициналық қызмет көрсетуге, оларды тамақтандыру мен сауықтыруды ұйымдастыруға бақылау жасауды қамтамасыз етсін (дайын тағамды дәрумендеуге және тамақтан уланулардың алдын алу);

12) девиантты мінезді оқушыларды еңбекке, экологиялық мәдениетке тәрбиелеу мақсатында көгалдандыру топтарын, еңбек жасақтарын ұйымдастырсын;

13) әр айдың 2 күні білім бөліміне өткен жаз маусымының есебін нысандарға сәйкес тапсырсын.

2. Тәрбие және әлеуметтендіру секторы (Макулбекова А.Е.):

1) қала сыртындағы лагерьге әлеуметтік қорғалмаған отбасылардың балаларының ұйымдасқан түрде, уақытына сәйкес жетуін және қайтып келуін бақылауға алсын;

2) мектеп жанындағы лагерьлерді қабылдаудан өткізсін;

3) балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысы, сауықтырылуы және жұмыспен қамтылуы бойынша өткізілетін шараларды бұқаралық ақпарат құралдарында, білім бөлімінің сайтында жариялауды қамтамасыз етсін.

4) балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысы, сауықтырылуы және жұмыспен қамтылуы бойынша жұмыс нәтижесі директорлар кеңесінде қаралсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды басшының орынбасары Р.Кенешоваға жүктелсін.

Басшының міндетін атқарушы



Г.Қожахметова

Келісілді:



Р.Кенешова

орын. А.Есенбекова

